



БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 10 қаңтардағы

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 8

город Алматы

**Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде
зардап шеккен жеке және заңды тұлғаларға қолдау көрсету
шаралары туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы №№ 725, 726, 727, 732, 733, 734, 735, 736, 737, 738, 739, 740, 741, 742, 743, 744, 745 Жарлықтарымен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты, банктік қарыз және микрокредит шарттары бойынша мерзімі өткен берешектің туындау жағдайларын болдырмау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**


1. Қоса беріліп отырған Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғалардың қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібі бекітілсін.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, ломбардтарды, кредиттік серіктестіктерді қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының орынбасары Н.А. Әбдірахмановқа жүктелсін.

Төраға



Аққұб Байманов



М. Әбілқасымова



БҰЙРЫҚ

10 января 2022 года

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 8

город Алматы

**О мерах поддержки физических и юридических лиц, пострадавших
в результате введения чрезвычайного положения**

В связи с введением Указами Президента Республики Казахстан от 5 января 2022 года №№ 725, 726, 727, 732, 733, 734, 735, 736, 737, 738, 739, 740, 741, 742, 743, 744, 745 чрезвычайного положения на всей территории Республики Казахстан, в целях предотвращения случаев возникновения просроченной задолженности по договорам банковского займа и микрокредита, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый Порядок предоставления отсрочки платежей по займам физических и юридических лиц, пострадавших в результате введения чрезвычайного положения.

2. Настоящий приказ вступает в силу с даты его подписания.

3. Департаменту методологии и пруденциального регулирования финансовых организаций довести настоящий приказ до сведения заинтересованных подразделений Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка, банков второго уровня, организаций, осуществляющих отдельные виды банковских операций, организаций, осуществляющих микрофинансовую деятельность, включая ломбарды, кредитные товарищества.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заместителя Председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка Абдрахманова Н.А.

Председатель



М. Абылкасымова

Берда Баймұнаев

Утвержден
приказом Председателя
Агентства Республики Казахстан
по регулированию и развитию
финансового рынка
от «10» января 2022 года № 8

**Порядок предоставления отсрочки платежей по займам физических
и юридических лиц, пострадавших в результате введения чрезвычайного
положения**

1. Настоящий Порядок предоставления отсрочки платежей по займам физических и юридических лиц, пострадавших в результате введения чрезвычайного положения, разработан в соответствии с Указами Президента Республики Казахстан от 5 января 2022 года №№ 725, 726, 727, 732, 733, 734, 735, 736, 737, 738, 739, 740, 741, 742, 743, 744, 745.

2. Порядок распространяется на банки второго уровня, организации, осуществляющие отдельные виды банковских операций, организации, осуществляющие микрофинансовую деятельность, включая ломбарды, кредитные товарищества (далее – кредитная организация).

3. Порядок распространяется на банковские займы и микрокредиты, выданные кредитными организациями до 5 января 2022 года физическим и юридическим лицам, в том числе индивидуальным предпринимателям (далее – заемщики).

4. Кредитные организации осуществляют приостановление выплат по основному долгу и вознаграждению по договорам банковского займа и (или) микрокредита (далее – отсрочка платежей по кредиту) заемщика при наличии объективных причин ухудшения их финансового состояния или нанесенного ущерба в период чрезвычайного положения.

Кредитная организация в индивидуальном порядке проводит оценку влияния чрезвычайного положения на финансовое состояние и деятельность заемщика.

Кредитная организация предоставляет отсрочку платежей по кредиту с 5 января 2022 года, на период, определенный кредитной организацией по согласованию с заемщиком, по результатам оценки его финансового состояния.

5. Отсрочка платежей по кредиту предоставляется на основании заявления заемщика, составленного в произвольной форме, содержащего причину отсрочки платежей по кредиту, с приложением документов, подтверждающих ухудшение финансового состояния.

Заявление может быть подано в кредитную организацию до 31 января 2022 года.

6. Заявление (обращение) о предоставлении отсрочки платежей по кредиту подается заемщиком в кредитную организацию с помощью электронной почты, онлайн-системы «банк-клиент», интернет-ресурса, мобильного приложения,

других средств связи, либо путем личного посещения заемщиком офиса кредитной организации.

7. Срок рассмотрения кредитными организациями заявлений заемщиков составляет 10 (десять) рабочих дней.

8. Отсрочка платежей по кредиту предоставляется путем установления нового графика платежей в виде равномерного распределения ранее отсроченных платежей до конца срока займа либо увеличения срока займа на период отсрочки, либо иного графика, в результате изменения условий договора банковского займа и (или) микрокредита, согласованного кредитной организацией с заемщиком.

По согласованию кредитной организации с заемщиком отсрочка платежей по кредиту предоставляется без подписания дополнительных соглашений к договорам банковского займа и (или) микрокредита и (или) договорам субсидирования и (или) гарантирования.

9. Отсрочка платежей по кредиту на условиях, указанных в Порядке, не является основанием для ухудшения кредитной истории заемщика и предоставления негативной информации о заемщике в кредитные бюро.

10. Кредитным организациям запрещается взимать с заемщиков комиссии и иные платежи за рассмотрение заявления и изменение договоров банковского займа, микрокредита и (или) залога и иных связанных договоров.

На период отсрочки платежей по кредиту кредитная организация прекращает претензионно-исковую работу по данному заемщику и уведомление заемщика о необходимости погашения просроченной задолженности.

11. На период действия чрезвычайного положения и отсрочки платежей по кредиту кредитная организация:

не начисляет и не требует уплаты неустойки (штрафов, пени) по договорам банковского займа и (или) микрокредита заемщика;

не осуществляет капитализацию (суммирование) начисленного и просроченного вознаграждения, неустойки (штрафа, пени) к сумме основного долга по договорам банковского займа и (или) микрокредита.

12. Кредитная организация обеспечивает наличие на главной странице интернет-ресурса и в мобильном приложении (при наличии):

1) информации о возможности предоставления кредитной организацией отсрочки платежей по кредиту;

2) номеров телефонов для получения заемщиками дополнительной информации.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Төрағасының
2022 жылғы «10» қаңтардағы
№ 8 бұйрығымен
бекітілген

Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғалардың қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібі

1. Осы Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғалардың қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы №№ 725, 726, 727, 732, 733, 734, 735, 736, 737, 738, 739, 740, 741, 742, 743, 744, 745 Жарлықтарына сәйкес әзірленді.

2. Тәртіп екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, ломбардтарды, кредиттік серіктестіктерді қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға (бұдан әрі – кредиттік ұйым) қатысты қолданылады.

3. Тәртіп кредиттік ұйымдар жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде дара кәсіпкерлерге (бұдан әрі – қарыз алушылар) 2022 жылғы 5 қаңтарға дейін берген банктік қарыздар мен микрокредиттерге қолданылады.

4. Кредиттік ұйымдар төтенше жағдай кезеңінде қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауының немесе келтірілген зиянның объективті себептері болған кезде қарыз алушының банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша негізгі борыш және сыйақы бойынша төлемдерді тоқтата тұруды (бұдан әрі – кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру) жүзеге асырады.

Кредиттік ұйым жеке тәртіппен төтенше жағдайдың қарыз алушының қаржылық жағдайына және қызметіне әсеріне бағалау жүргізеді.

Кредиттік ұйым қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалау нәтижелері бойынша кредиттік ұйымның қарыз алушымен келісім бойынша айқындаған кезеңіне 2022 жылғы 5 қаңтардан бастап кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды ұсынады.

5. Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігі қарыз алушының еркін нысанда жасалған өтінішінің негізінде беріледі, оған қаржылық жағдайының нашарлауын растайтын құжаттар қоса беріліп, кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру себебі қамтылады.

Өтінішті кредиттік ұйымға 2022 жылғы 31 қаңтарға дейін беруге болады.

6. Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру туралы өтінішті (жүгінуді) қарыз алушы кредиттік ұйымға электрондық поштаның, «банк-клиент» онлайн-жүйесінің, интернет-ресурстың, мобильдік қосымшаның, басқа байланыс

құралдарының көмегімен, не қарыз алушының кредиттік ұйымның офисіне жеке баруы жолымен береді.

7. Кредиттік ұйымдардың қарыз алушылардың өтініштерін қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күнді құрайды.

8. Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігі кредиттік ұйымның қарыз алушымен келіскен банктік қарыз және (немесе) микрокредит шартының талаптарын өзгерту нәтижесінде төлем мерзімі кейінге қалдырылған бұрынғы төлемдерді қарыз мерзімінің соңына дейін тең бөлу не қарыз мерзімін төлем мерзімі кейінге қалдырылған кезеңге ұлғайту түрінде жаңа төлемдер кестесін белгілеу жолымен беріледі.

Кредиттік ұйымның қарыз алушымен келісімі бойынша кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігі банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттарына және (немесе) субсидиялау және (немесе) кепілдік беру шарттарына қосымша келісімдерге қол қоймастан беріледі.

9. Тәртіпте көрсетілген талаптармен кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру қарыз алушының кредит тарихының нашарлауы және кредиттік бюроға қарыз алушы туралы жағымсыз ақпарат беру үшін негіз болып табылмайды.

10. Кредиттік ұйымдарға өтініштерді қарағаны және банктік қарыз, микрокредит және (немесе) кепіл шарттарын және өзге байланысты шарттарды өзгерткені үшін қарыз алушылардан комиссиялар мен өзге төлемдер алуға тыйым салынады.

Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру кезеңінде кредиттік ұйым осы қарыз алушы бойынша шағым-талап жұмысын және қарыз алушыға мерзімі өткен берешекті өтеу қажеттілігі туралы хабарлауды тоқтата тұрады.

11. Төтенше жағдай және кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру кезеңінде кредиттік ұйым:

қарыз алушының банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша айыпақы (айыппұлдар, өсімпұлдар) есептемейді және төлеуін талап етпейді;

есептелген және мерзімі өткен сыйақыны, айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша негізгі борыш сомасына капиталдандыруды (қосуды) жүзеге асырмайды.

12. Кредиттік ұйым интернет-ресурсының басты бетінде және мобильдік қосымшасында (бар болса) мыналардың болуын қамтамасыз етеді:

1) кредиттік ұйымның кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігін беруі туралы ақпарат;

2) қарыз алушылардың қосымша ақпарат алуына арналған телефон нөмірлері.